

Жануарлар әлемі



Жошуа Бишопроби

Life Science Readers:

ЖАНУАРЛАР ЭЛЕМИ

Publishing Credits

Editorial Director

Dona Herweck Rice

Creative Director

Lee Aucoin

Associate Editor

Joshua BishopRoby

Illustration Manager

Timothy J. Bradley

Editor-in-Chief

Sharon Coan, M.S.Ed.

Publisher

Rachelle Cracchiolo,
M.S.Ed.

Science Contributor

Sally Ride Science™

Science Consultants

Thomas R. Ciccone, B.S., M.A. Ed.,
Chino Hills High School
Dr. Ronald Edwards,
DePaul University

Teacher Created Materials

5301 Oceanus Drive
Huntington Beach, CA 92649-1030
<http://www.tcmpub.com>

ISBN 978-0-7439-0593-0

© 2008 Teacher Created Materials, Inc.

Мазмұны


Жануарлар әлемі	4
Таксономия тілі	6
Құрттар.....	10
Тікентерілілер.....	11
Маллюскілер әлемі	12
Жер мен судағы жәндіктер	14
Хордалылар.....	16
Балықтар әлемі	18
Амфибияның екі өмірі.....	20
Динозаврлар мен рептилиялар	22
Құстар.....	24
Сүтқоректілер.....	26
Қосымша	28
Зертханалық жұмыс	28
Сөздік.....	30
Индекс	31
Sally Ride Science.....	32
Суреттер дереккөзі	32



Жануарлар әлемі

“Жануарлар әлемі” деген сөзді естігенде сенің ойыңа не келеді? Көбінде иттер мен мысықтар, болмаса қой мен сиырды елесететін боларсың? Одан қалса бақа-шаяндар мен суастындағы киттер жайлы не ойлайсың? Ал қоңыздар мен құрттар ше? Шын мәнінде, түрлі құрттар, қызыл шаяндар мен балықтар да жануарлар әлеміне жатады.



Терезеден далаға көз салсақ, аспанда құстарды, ал айналаңа қарасаң үй жануарларын көресің. Ал тауға шыққанда тастың астында жасырынған неше түрлі құрт-құмырсқаны байқайсың.



Кейбір жануар түрлерін біз күн сайын көреміз. Ал кейбірі тіптен өзгеше. Бір балық бар, бір көлшіктен екіншісіне ұша алады. Ал сегізаяқ жағын қармауышымен ашады. Үйректұмсықтың жүні мысық сияқты, тұмсығы үйректікіндей, ал құйрығы құндыздыкіндей. Ол суда жүзіп, жұмыртқа басады.

Әлемде кең таралған тағы бір тіршілік иесі бар. Ол – адам баласы. Біле білсең, біз де жануарлар патшалығына тәнбіз. Әрине, біз сегізаяқ пен үйректұмсыққа ұқсамаймыз. Бірақ, біздің олармен көптеген ортақ белгіміз бар.

👉 Осылардың барлығы жануарлар патшалығына тән






Таксономия тілі


Жануарлар әлемін зеттейтін ғалымдарды **зоолог** деп атайды. Олар әрбір жануардың түр-түсін, сипатын бүге шүгесіне дейін біледі.

Олар жануарларды классификациялау үшін таксономия деп аталатын жүйені қолданады. **Классификация** дегеніміз, кез келген затты бөліп, жүйелеу дегенді білдіреді.

Таксономияны жануарларды түрлерге бөліп, оларға ғылыми атау беру деп түсінуге болады. Бұл зоологтардың қолданатын тілі деуге болады. Мысалы бір ғалым “*Felis silvestris* (фелис сильвестрис) жақсы үй жануары шығады” деп айтады. Ал келесі зоолог оның үй мысықтары туралы айтып тұрғанын біледі. Сол сияқты бүтін бір жануарлар тобын ғылыми атауымен айтуы мүмкін.



↑ Зоолог алып кальмарды зерттеуде.



← XX ғасырдағы ең танымал зоолог Жейн Гудал.